

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДА ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ДІНИ БІЛІМ ҰСТАНЫМДАРЫ

RELIGIOUS EDUCATION PRINCIPLES OF KAZAKH ZHYRAU FOR THE PRESERVE OF NATIONAL IDENTITY

PhD. BAIGABYLOV N. O.

Head of Department of Sociology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana/Kazakhstan

PhD. İlyas ERPAY

Siirt University, Faculty of Theology, ilyaserpay@siirt.edu.tr, Siirt/Turkey

TUSUPBEKOVA Zh. A.

PhD student of the Department of Sociology, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana/Kazakhstan



АҢДАТПА

Қазақ халқы ғасырлар қойнауында өзінің басынан талайды өткеріп, батырлық пен ерліктің әнұранына айналғаны баршамызға аян. Тәуелсіздік мәселесі бүгінгі күн проблемасы ғана емес, ол сонау кездегі бабалар мұраларынан басталған. Аталмыш мақаладағы өзекті мәселелерінің бірі ол, Қазақ мемлекетінің іргесі қаланған күннен бастап оның барлық саяси – әлеуметтік ең қажетті сұрақтарының төңірегінде белсенділік танытқан жыраулар дүниетанымына арналмақ. Мемлекет болу үшін тек жауды жеңіп шығу ол жеткіліксіз. Мемлекетке өзіндік ойлау машығы мүдделерімен алға қойған мақсаттарды анықтайтын өзара ынтымақтық қажет.

Яғни, мемлекеттің нығаюы қарулығының күші мен дипломатиялық қарым - қатынаспен ғана өлшенбейді, рухтың күштілігінде байланысты. Рухни күш дегеніміз негізгі фундаменти діннен бастау алатын адамгершілік – этикалық категориялар. Бұл категориялар қазақ философиясының хандық дәуірге дейінгі, хандық дәуір, зар заман, ағартушылық, саяси – әлеуметтік кезеңдерінің барлығында қарастырылады. Бірақ бұл мақалада хандық дәуір кезеңінің өкілдері жыраулардың жыр – толғауларындағы діни - этикалық мәселелер қарастырылған. Әсіресе ислам дініндегі құран сүрелеріндегі аяттар мен пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.) хадистерін жыраулар халыққа қалайша жеткізгені. Қазақ философиясындағы жырауларды сегіз қырлы бір сырлы терең ойдың иелері деп қарастыруға болады. Себебі, олар енді ғана ел болып шаңырағын көтерген қазақ халқының қалыптасу тарихында бірнеше функцияларды атқарған. Мысалға, хан шешім таппағанда, халық жан-жаққа шашырағанда, көкірек көзі ояу, аузындағы сөзінің дуасы бар данагөй — жырауларға жүгінген, яғни, ел өміріндегі елеулі оқиғалар кезінде әркез хан қасынан, іс басынан табылатын осынау жыраулар бірде хан мен батырды жарастырған ақылмандығымен дараланса, енді бірде ел толқуын басып, бірлікке үндеген данышпандығымен көзге түске.

Мақаланың өзектілігі біріншіден, жаһандану жағдайында ұлттың бірегейлігін сақтау барысында бай тарихының бір қырын танытса екіншіден, дәстүрлі ислам дініндегі кіші жиһад, үлкен жиһад, ақида, шарифат, хадис секілді мәселелерді оңай түсінетіндей, жеңіл тілмен жеткізген.

Жаһанданудың мәдени теориясының өкілдерінің пайымдауларына егерде ұлт өзінің рухани дүниетанымын меңгермесе қайнап жатқан қазанда өзінің бірегейлігінен айрылады.

Олай болса имандылықты, отансүйгіштікті насихаттайтын жыраулар дүниетанымдары құнды деректер болып қала бермек.

Кілт сөздер: жаһандану, жырау, діни білім, бірегейлік, философия

ABSTRACT

It is obvious to all of us that the Kazakh nation has become the anthem of heroism and exploits, which has gone through many centuries. The issue of independence is not only the problem of today, but also the beginning of the heritage of

the ancestors. One of the topical issues in this article is the poetry world, which has been actively engaged in all political and social issues since the foundation of the Kazakh state. It is not enough to overcome the enemy in order to become a state. The state needs mutual understanding, which determines the goals set by the interests of self-centered thinking.

That is, the strengthening of the state depends not only on the strength of the armed forces and diplomatic relations, but also on the strength of the spirit. The power of the Spirit is a moral and ethical category that begins with religion. These categories are considered throughout the Kazakh philosophy of the Khanate, the era of the Khanate, the era, educational, political and social levels. But in this article were considered representatives of the Khan era, religious and ethical problems in poems of poets. Especially as they reported to the people the verses written in the surahs of the Koran, and the hadeeth of the prophet Muhammad (sas). Kazakh philosophers can be considered wise and talented in everything. The reason is that they performed several functions in the history of the formation of the Kazakh people. For example, when the khan could not find a solution, when people were scattered, they turned to zhyraus who had an objective look and spoke truthful words that had the courage to say in the most important events in the life of the country, they surprised the khans and batyrs with their wisdom, they calmed the people at tidbits and called for unity.

The relevance of the article first speaks of one of the rich history of the nation, while preserving the uniqueness of globalization, and secondly, in order to easily understand such problems as small jihad, big jihad, ahida, sharia and hadith, they are easily presented.

According to the representatives of the cultural theory of globalization, if a nation does not know its spiritual worldview, it will lose its uniqueness in boiling cauldron.

Thus, the world outlook of zhyraus, propagandizing patriotism and morals, will remain valuable.

Key words: globalization, zhyrau, religious education, identification, philosophy

1. КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандану жағдайында әрбір этникалық топ өзінің түп тамырын ұлттық бірегейлігін білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударып оны әрі қарай жетілдіру жолында. Жаһандану жағдайында ұлттың рухани құндылықтары дұрыс арнада қалыптаспаған елдер үшін қауіптілік үрдісі арта түспек, әсіресе, енді ғана есін жиып, жоғалтқан құндылықтарын түгендеп жатқан қазақ ұлты үшін.

Жаһанданудың бірнеше түрлері бар, соның ішінде мәдени байланыстардың дамуы «жаһандық» сияқты мәдени кеңістікті біріктіретін, жаңа технологиялар мен әдістерді үйрене отырып, шет елдік өнімді қабылдап, оның идеясына ие болуды білдіреді. Мұндай идеялардың әсерінен, әрбір ұлттың өзіне тән өзіндік құндылықтары оның ішінде, қоғамның бірілігін сақтау, ұлтаралық, дінаралық төзімділікті, үлкенге деген құрметті, адам баласына жанашырлық көрсету секілді адамгершілік принциптері ұмытылып, орнына тек «өзің үшін ғана істе» деген материалистік, утилитарлық популистік сипаттағы құндылықтар жүйесі қоғамдық санаға орнығады.

Нобель сыйлығының иегері М.Иқбал жаһандану үрдісі жайлы: «... езілген ұлттардың менін, болмысын ұмыттыру, оларды тарих бетінен жойып жіберудің астыртын жүргізген әдісі мен ойыны» екенін ескертіп, «...менін жоғалтқысы келмейтін ұлт өзінің өткені, бүгінгі мен ертеңі арасындағы қан тамырларын үзіп алмауы»[1], керектігін айтады. Олай болса қазақ халқы үшін ертеңгі күнін айтпас бұрын, өткен тарихына тоқталып ең керек рухани байлықтарын танып оларды бойына сіңіруі қажет.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ халқының ешкімнен ұялмайтын тамыры терең тарихы мен жалғанды жалпағынан басқан дүниетанымдары жеткілікті. Осы бай мұралардың ішінде ұлттық бірегейлікті сақтау барысында қазақ философиясының орны бөлек. Қазақ философиясын отандық ғалымдарымыз бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады соның ішінде М.Орынбеков, Н.Байтенованың зерттеулерінде қазақ философиясы алты кезеңнен тұрады: 1) ежелгі заманнан IX-ғасырға дейінгі кезең — қазақтардың ата-тегінің философиясы; 2) IX-ғасырдан XV-ғасырға дейінгі аралық түркі тілді халықтардың философиясы; 3) XV-XVIII ғасырларға Қазақ хандығы дәуіріндегі философия жатады, бұл кезең үш бағытта дамыды: а) жыраулар философиясы; ә) билер философиясы; б) «Зар заман философиясы»; 4) XIX-ғасырдағы Ағартушылық философиясы оның өкілдері: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай

Құнанбаев; 5) XX-ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ философиясы өкілдері: Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б.; 6) XX-ғасырдың 50-90 жылдар аралығындағы Кенес дәуіріндегі Қазақстандық философия. Аталған кезеңдердің әрбірінен қазақ халқының өткен тарихы мен мәденетіне қатысты мол деректерді алуға болады. Біз бұл жұмысымызда қазақ философиясының үшінші кезеңіне жататын жыраулар дүниетанымдарына тоқталып әсіресе, олардың жыр, толғауларындағы діни – этикалық мәселелерді қарастырамыз.

Жыраулар дүниетанымының пайда болу уақыты XV ғасырдың орта тұсында Керей мен Жәнібек хандардың қазақ хандығын құрған кезеңдерден бастау алады. Сондықтан да болар жыраулардың дүниетанымдарындағы ең негізгі мәселесі ол, халықтың тағдыры мен болашағы. Қазақ философиясындағы жырауларды сегіз қырлы бір сырлы терең ойдың иелері деп қарастыруға болады. Себебі, олар енді ғана ел болып шаңырағын көтерген қазақ халқының қалыптасу тарихында бірнеше функцияларды атқарған. Мысалға, хан шешім таппағанда, халық жан-жаққа шашырағанда, көкірек көзі ояу, ауызындағы сөзінің дуасы бар данагөй — жырауларға жүгінген, яғни, «ел өміріндегі елеулі оқиғалар кезінде әркез хан қасынан, іс басынан табылатын осынау жыраулар бірде хан мен батырды жарастырған ақылмандығымен дараланса, енді бірде ел толқуын басып, бірлікке үндеген данышпандығымен көзге түскен»[2].

Жыраулар ғасырлар бойы өзінің отан сүйгіштік өршіл рухымен, имандылық ғибратымен, таным тағылымымен көпшіліктің көкейіне жол тапты. Толғауларға тән сипат — олар халықпен етене жақын, солардың мұң-мұқтажын жоқтады, елге танымал тарихи оқиға, келелі кеңес жайлы баяндады. Жыршы көпке белгілі әңгіме желісін шешен тілмен тереңнен толғап, қисынмен сомдап, ғасырлар бойы қасиетін жоғалтпайтын асыл мұраға айналдырады.

Жыраулар туралы Мұхтар Әуезов «Анығында өсиетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндеті өлеңшілік емес, елге басалқы айтып, басшылық жасау болатын. Бұл екеуі де ең алдымен ақылшы кемеңгері, заманның сыншысы, қырағысы болады. Сондықтан әрқайсысы өз елі, өз табының не биі, не батагөйі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді меңгерген хан мен бектің ақылшысы, уәзірі есебінде болған... Көп елге хан жарлығын орнату керек болса, айтқан сөзі ем болатын дуалы ауыз да осылар... Бұл адамдар ең алдымен ел меңгеру жолындағы саясат адамдары болғандықтан, көпке айтқан сөздерінің барлығы ел мұңына ел қамына арналған сөздер болады. Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғары табынан: билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері әкім. Сондықтан ел тізгінін ұстаудың бір шарты, көптің қамын жеу болғандықтан, артында қалған сөздерінің барлығы әлеуметшілдік сарынымен айтылады»[3], - деп лайықты бағасын берген.

Француздың ғалымы рационализм бағытының негізін салушы Рене Декарт: «философтарға қарағанда ақындардың еңбектерінде небір ұлы ойлар жиі кездесетініне таңқалмасқа шара жоқ. Мұның өзі ақындардың шын шабыттанған шақта, қыран қанатты қиялынан уытты ойлар туатынынан болар. Оттың шақпақ тастан шығатыны сияқты, ойдың түп негізі де білімде жатыр емес пе? Философтар ақылға арқа сүйесе, ақындар ой – қиялдарымен жүректі жалынға орайды, сондықтан да ақын жырлары жаныңды баурап, тез жалындап жана бастайды ғой...»[4] – деп олардың ерекше сырға ие болған дарын иелері екендіктерін айтады.

“Сыр,, деген ұғымды Абай Құнанбайұлының: «Іштегі кірді қашырса, Хақтықтың түсер сәулесі, Адамның хикмет кеудесі» [5] – деген, өлең жолдарындағы хикмет ұғымы ол - терең сыр. Ал, терең сырға жету дегеніміз *толық адам* дәрежесінен жоғары тұратын *әулиелік* қасиетке ие болу дегенді білдіреді. Әулиелік туралы Шәкәрім Құдайбердиев:

“Сыртқы сөзің шын болса,

Ішің толған жын болса.

Жүрегіңде мін болса.

Айтқан сөзің ем емес.

Жүрегі таза адамдар,

Зұлымдықтан амандар,

Қиянатсыз надандар,

Әулиеден кем емес,, [6].

Шәкәрім Құдайбердиев бұл өлеңінде әулие адам деп жүрегінде басқа адамдарға деген өшпенділіктің орнына, “*мейірім*,, орнаған адамды әулие деп қарастырған. Олай болса жыраулардың бойларындағы адамсүйгіштік қасиеттерімен көпке әсер еткен дуалы сөздерінен оларды “*әулиелік*,, қырынан да тануға болады. М.Мағауин айтқандай: «Жырау – ең алдымен жасампаз тұлға. Жырау болу – жаны да, тәні де күшті адамдардың үлесі. Олар батырлар, ру, тайпа және ұлыстардың басшылары болды, хандар, сұлтандар жыраулардың қолдауы арқылы дәурен сүрді, соғыстарға қатысты, жауынгер серіктерін жыр етті, тарих пен оқиғаларды өлеңдерде, жырларда және ұлағатты толғауларда баяндады. Олардың толғауларындағы тармақтар мақалдар мен мәтелдерге айналды. Көптеген жыраулар бір мезгілдің ішінде әулие, би, абыз рөлдерін де атқарды» [7].

Жыраулардың бойларындағы адамзатты бауырым деп сүю және отан үшін жаның қию секілді категориялардың қалыптасуына дәстүрлі ислам діні зор ықпалын тигізді, себебі, ислам діні Қараханидтер тұсында мемлекеттік дін статусына ие болса, XV-XVIII ғасырларда қазақ халқының діліне, тіліне, және ұлттық идеологиясына әсері мықты болды.

Мысал ретінде бұған қазақ философиясының үшінші кезеңінің жыраулар философиясының өкілдері Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың және шығармалары поэзиялық пішіні тұрғысынан жыр, толғаулар өлшемінен бөлектеу болса да, мазмұны жағынан жыраулардың ойларымен желілесіп жататын Шал ақынның жыр – толғауларын дәлел ретінде келтіруге болады.

Соның ішінде жыраулардың алғашқы өкілі Асан қайғыдан бастасақ. Асан қайғының толғаулары Отанды сүюге, ізгі амал жасауға, жамандықтан сақтанып, бақытты өмір сүруге үндейді. Мәселен, мына бір толғауында жырау бабамыз өткінші дүниелік істерге бола ұрысып, таласпауға шақырады:

“Мінезі жаман адамға

Енді қайтіп жуыспа ,

Тәуір көрер кісіңмен

Жалған айтып суыспа.

Өлетұғын тай үшін,

Көшетұғын сай үшін

Желке терің құрысып,

Әркіммен ұрыспа.

Ашу – дұспан, артынан

Түсіп кетсең қайтесің

Түбі терең қуысқа!,,[8] - деп, ашуға ақылды жеңгіз, көпшіл бол, кешірімді бол, достықты бағалай біл деген үгіт-насихат айтады. Расында да, кейде болмашы нәрсе үшін адам баласы пенделікке ұрынады, дүниелік істерге таласып, абыройсыздыққа душар болады. Ал, Асан қайғы бәріне парасат биігінен қарауға үндейді. Толғаудың мазмұны Мұхаммед пайғамбардың мына бір хадисіне жақын келеді: «*Кімнің сөзі көбейсе, қателесуі көп болады.*

Кімде-кімнің қателесуі көбейсе, күнәсі көбейеді. Кімнің күнәсі көп болса, тозаққа лайық болады»[9], - делінеді. Асан қайғынының жыр жолындағы “Түбі терең қуысқа,, дегенін хадистегі тозақ деген ұғымды білдірсе керек. Жалпы, Асан жыраудың “қайғы,, аталуының себебі, ол ақыретті ойлағаннан емес, қазақ деген ұлттың болашағы қандай болатынына қам жегеннен туған қайғы[8].

Асан қайғының замандасы Қазтуған жыраудың жыр жолдарынан оның дін туралы білімінің қаншалықты екенін көрсек:

“Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын бұзып өтіп дінді ашқан
Сүйініш ұлы Қазтуған!!! „[10].

Ислам дінінің тархында жәбәрия, қадария, муғтазалиттер, шииттер және хараджиттер секілді бағыттар VII-VIII ғасырларда пайда болып олар діндегі “тағдыр,, “иман,, және Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қатысты мәселелерде дәстүрлі исламға қайшы келетін бөтен ойларды ел ортасына жая бастаған болатын. Қазтуған жырау бұл жыр шумақтарында “*мұсылман,, мен “кәуірдің,, негізгі белгілерін білетін діни білімі мол адам екенін көрсетсе керек.*

Жыраулар шығармалары арқылы халқына дінді үйретіп бағыт – бағдар беріп отырған. Әсіресе, өтірік, ғайбат сөздерді ерекше сынға алып одан алыс болуға шақырған. Мұндай мәселелерді Шалкиіздің шығармашылығынан қарастырсақ. Шалкиіз өзінің адамгершілік тағылымға толы жырларында жақсылықты үнемі жоғары бағалап, жамандықты сынға алып отырады. Адамды жамандыққа ұрындыратын көбінесе оның пиғылы. Сондықтан адам өзіне үнемі: «Қайтпек керек?» – деп жүруі қажет және тіліне ие болу керектігін ескертеді.

“Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам, жаманның
Жалаңдаған өз басына тілі жау.
Дүбір-дүбір шу көрген
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай,
Түлкідей құйрық тастаған
Жаман фиғылың жетер басыңа-ай,,.

Дүниеде жамандар мен жақсылардың орны бөлек. Шалкиіз жырларының ұрпақ тәрбиесіне ерекше қызмет атқаратындығында сөз жоқ, бұл жырлар үнемі адамгершілікке шақырады. Жырлардың астарындағы даналық кеңестер адамгершіліктің биік рухын көрсетеді. Сондай-ақ осы жыр жолдарында, тілдің адам өміріндегі орны қаншалықты екені көрсетілген. Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кезекті бір хадисінде: «Аллаға сенсендер, ақиретке бойұсынған болсаңыздар, жақсы сөйлендер немесе үндемендер»[9] деген.

Жалпы, Ислам дінінде ауыр күнәлардың бірі зина екені белгілі Мұхамедд пайғамбар (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*): «Сіздерге ғайбатты (өсек) ескертемін, шындығында ғайбат зинадан да бетер»[11], - деп қандай ауыр күнә екенін ескертеді. Өсек пен ғайбат туралы Бұқар жырау:

Өсек дүкен құрғаны,
Құдайының ұрғаны.
Өсек пенен қайбатты,
Зина менен ұрлықтан
Бұрынғы өткен жақсылар
Онан да жаман десіпті.,[10].

Жыраулар тек ақыл ғана айтып қоймай, соғыс уақытында батырларды жігерлендіріп өздері де соғыс майданында батырлықтарымен көзге түскен. Яғни, олар қазақ халқының ерлік, батырлық және адамгершілік рухының дамуына да ерекше үлес қосқан.

Шалкиіз жыраудың жырында батырлық пен ерліктің болмыс бітімі былайша суреттеледі:

“ Жапырағы жасыл жаутерек
Жайқалмағы желден-дүр,
Шалулығы белден-дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,
Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,
Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңір өзі біледі,

Ажалымыз қайдан дүр!.,[10]. Бұл ретте Шалкиіз батыр қыл шашақты найза өңгерген жауынгерлерді қаптаған қалың жаудан именбеуге, тайсалмай ұрысқа кіруге шақырады. Жыраудың мұндай шумақтары өр ұранға толы. Жаугершілік заманды суреттейтін жыр жолдар Ақтамберді жырауда:

“Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлемге жүрміз бас байлап.,[10].

Жыраулардың жырларында соғыстың жиі айтылуының себебі XV ғасырларда енді ғана бой көтерген қазақ халқына әрбір тұстан берекесін қашырып жаулап алуға ұмтылған жаулардың көп болуында еді. Сол замандарда өмір сүрген бабаларымыздың жаудан қорықпай, қашпай соғысуына әрі қарай жігерлендірген *(хандық дәуірге дейінгі кезеңде де, қазақтардың арғы тектері түркілердің батыр болғанына тарих куә)* дәстүрлі исламның аяттары мен хадистері. Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед пайғамбар *(саллалаһу алейһи уә сәлләм)*: «Отанды сүю – иманнан», - деп бекер айтпаған. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «*Шекараны және Отанды қорғау үшін бір күн, бір түн күзету бір ай нәпіл ораза ұстап, түнде нәпіл намаз оқудан қайырлы*» екенін айтқан.

Жыраулар ислам дініндегі үкімдерді халыққа жеткізіп, кейде өз пәтуаларында да беріп отырған әсіресе, ислам дінінің бес парызының бірі саналатын қажылық сапарынан Би Темірді тоқтатуға арналған Шалкиіз жыраудың жыр жолдарында:

“Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйтолла,

Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты!.,[10] – деп, биді қажылық сапарынан тоқтатуының себебі, хан кеткен уақытты пайдаланып шабуыл жасайтын жаулардың көп болуында еді, сондықтан жыраудың бұл жыр жолдары халықты жаудан аман сақтап қалуы үшін шыққан сөздер деп білеміз. Өйткені басшы қарамағындағыларға жауапты және солар үшін *фәни мен бақилықта* жауап береді. Қазақ халқының басына қиын-қыстау күн туғанда қоңыраулы найза қолға алып, дұшпанмен шайқасудан қаймықпаған Ақтамберді жырау[11]:

“Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Мекке алдында,
Пейіліңмен сыйласаң,
Атаң менен аңды!.,[10].

Ақтамберді жырау, Меккеге бара алмаған адамдарға үйлеріндегі әке-шешелерін құрмет көрсетсе Жаратушыдан үлкен сыйлыққа кенелетіндігін айтқан. Пайғамбарымыз (*саллаллаһу аләйһи уә сәлләм*) хадистерінде үмбетін ата-анаға қарсы келуден сақтандырып, оны үлкен күнәға балайды. Ал мұсылмандарға ата – ананың қадірін көрсету мақсатымен оларға жасалған жақсылықты кейде Аллаһ тағаланың жолында жиһад етумен тең десе, кейде ең үлкен ғибадаттардың бірі – қажылық жасағанмен бірдей дейді. Осы тұрғыда айтылған хадистерінде Хақ елшісі (*саллаллаһу аләйһи уә сәлләм*) былай деген: «Кімде-кім ата-анасына сүйіспеншілік пен жылы шырай танытып қараса, сол көзқарасының өзі оны «хажж-мәбрур» жасағандай сауапқа кенелтеді»[12]. «Хажж-мәбрур дегеніміз адамды анадан жаңа туылғандай пәк, күнәсіз қалыпқа түсіретін, Аллаһ тағаланың ризашылығына сай орындалған қажылық»[11]. Ақтамбердінің шығармасында жақсы адам мен жаман адам, көпшілік пен азшылық секілді мәселелерде жан жақты қарастырылған:

“ Жақсысы кеткен ауылдың,
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен шөппен тең.,[10].

Ақтамберді жыраудың азшылық пен көпшілік туралы айтқаны Хосе Ортега – Гассеттің «Востание масс» еңбегіндегі идеаларына сәйкес келеді, әсіресе қорытындысы.

Жыраулардың қайсысын алсақ жыр – толғаулары Ислам дінінің незінде жазылған әсіресе, Бұқар жырау мен Шал ақынның шығармаларында.

Зерттеушілердің (Жүсіп Көпейұлы, Потанин, Ш.Уалиханов, М. Оразбай) деректеріне сүйенсек, Бұқар жырау 1702 жылы Көкілташ медресесін тәмамдайды. Медреседе оқып жүріп ол араб, парсы тілдерін меңгереді. Медреседе оқып жүргенде шығыстың жеті кереметі атанған алып ақындардың жырларын оқып, көңілге түйеді. Көкілташ медресесінде жүргенде Бұқар Түркістан қаласына сапар шегеді. Ондағы қасиетті әулиелердің рухына тағзым етіп, Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметтерімен» танысып, зерттейді. Осылайша алғашқы білімді мұсылманша алып, ол жолдың тереңіне бойлай білген жырау, өзінің насихат

жырларында мұсылмандықтың адамгершілікке жол бастайтын имандылық тәрізді қағидаларын өз өлеңдерінде ұтымды пайдалана білді[13]. Бұқар жырау – шарифат заңдарын, сопылық ілімнің мақамдарын жетік білген ойшыл. Кейін бұл оның дүниетанымына да қатты әсер етеді, осы жолда өлеңдер де жазған. Солардың бірі Ислам дініндегі ең негізгі фундаменталді дүниетанымды қамтитын:

“Лауқа менен қаламды айт..., - деген толғау жолдарында жырау «лаухы» сөзін қысқартып, жыр жолына қолайлы етіп, ықшамдаған. Дінде бұл термин “Ләуһу Махфуз,, деп аталады, арабшадан аударғанда – күллі әлемде болған және болатын оқиғалардың тағдыры жазылған тақта, кітап деген мағына береді. Бұқар жыраудың жыр - толғауларында қарастырылған мәселелердің бірі, ол адамгершілік заңдылықтары. Солардың бірі:

“Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес.
Қазулы жолдар көмілмес,
Қартайған қарт бабанды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда,

Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес..., [10] – деген шумақтарындағы пейіл деген ұғымды адамның ниеті деп түсініп, адам баласына істеген жақса мен жаман амалдарының қарымтаса болатындығы және жастық шағында үлкендерге қалай қарасан солай айналып келетіндігі жазылған. Алла Тағала Қасиетті Құранның **Зилзәлә сүресінің 7-8 аяттарында**: *«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді» - деп жазылған.*

Жыраудың философиялық-этикалық мағынасы жағынан терең дүниетанымдарды қамтитын “Бірінші тілек тілеңіз,, [10] – деп басталатын толғауында жазылған. Мұнда адамның абыройы, намысы, адамгершілігі, өмірдің мағынасы туралы негізгі сұрақтар мен қазақтың дініне, тіліне, әдет-ғұрпына, өмір салтына қатысты керемет ойлар айтылған, бұл толғау жолдарын басқаша Жаратушыдан сұрайтын “дұғалар,, деп те айтуға болады.

“ Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа....,,

Қазақтың тілінде «жазымштан озмыш жоқ», «Алланың жазғанын көреміз» дейтін ұғымдар бар. Толғаудың алғашқы шумақ жолдарында адам баласына мүмкіндігі келгенше бақи мен мәңгілік өмірде Жаратушының жазасына ұшырамайтындай өкінбестей өмір сүру мәселесінен басталған.

“ Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.. ,,,

Екінші тілегінде, Жартушыны ұмыттыратын тек дүниенің істеріне алданған пасық, залым адамдардың айтқанымен жүрмеу керектігі ескертілген.

“Үшінші тілек тілеңіз,

Үшкілсіз көйлек кимеске...., – дейді. “Үшкілсіз көйлек,, - “ақірет киімі,, бұны қаза болған бақилыққа қайтқан адамға ғана кигізеді. Бұнда адам баласына “суицид,, өзіне – өзі қол жұмсамау және өзіне өлім тілемеу керектігі айтылған.

“ Төртінші тілек тілеңіз,

Тәрде төсек тартып жатпасқа....,

Пайғамбарымыз Мұхаммед (*саллаллаһу алейһи уә сәлләм*): «Көп адамдар қадір-қасиетін біле бермейтін екі үлкен нығмет бар, бірі -денсаулық, бірі – уақыт» деген. Себебі, нығметтердің арасындағы осы екі нығметтің жоғалтсаңыз орнын ешуақытта толтыра алмайсыз. Сол үшін де мұсылман баласы осы екеуіне өте қатты мән беріп, оны дұрыс пайдаланып, қажетіне жарата білуі тиіс. Ғұламалардан «дүниенің жақсылығы не» деп сұрағанда, олар бір ауыздан: «Алланың құлдарына сыйлаған денсаулығы» деп жауап берген. Өйткені, денсаулық ол Алланың берген ең үлкен байлығы, оны ешкім ақшаға сатып ала алмайды. Демек дені сау адам «тәрде төсек тартып жатпайды».

“Бесінші тілек тілеңіз,

Бес уақытта бес намаз

Біреуі қаза қалмасқа....,

Ислам дінінің тірегі намаз туралы Абай Құнанбайұлы 38 қара сөзінде: «Әрбір ақылы бар адамға иман парыз, әрбір иманы бар адамға ғибадат (намаз) парыз»[6] деген. Жыраудың бес уақытты намазды ескертуінің себебі, есеп күні адам баласының Жартаушы алдындағы бірінші есебі намаз болғандықтан.

“ Алтыншы тілек тілеңіз,

Алпыс басты ақ орда,

Ардақтаған аяулың

Күнінде біреуге

Тегіннен-тегін олжа болмасқа....,

Жаугершілік замандарында әйелдерін соғыс олжасы ретінде ат артына мінгестіріп әйелдікке немесе күндікке алатын. Бұл намысы бар әр ер азаматтың сүйегіне басылған қорлық таңбасы болып есептелетін. Сол үшін де әрбір қазақтың ер азаматы жанын жауға қиса да, әйел затын жау қолына түсірмеу үшін барынша намысына тырысып бағатын.

“Жетінші тілек тілеңіз,

Желкілдеген ту келіп,

Жер қайысқан қол келіп,

Сонан сасып тұрмасқа....,

Елін! Жерін! жаудан қорғау әр азаматтың қасиетті парыздардың бірі. Жаугершілік заманында батырларымыз Отанын! Елін! Жерін! найзаның ұшымен білектін күшімен қорғаған, ал ХХ ғасырдағы Алаш зиялылары “найзаны,,“қаламға,, айырбастап кеңестік империяның арам әрекеттеріне соңғы демдеріне дейін қарсы тұрған жандар еді. Қарт жырау бұл толғауында еліне қауіп төнген уақытта жаудан қорықпайтын азаматтардың болуын тілеген.

“Сегізінші тілек тілеңіз,

Сегіз қиыр шартарап

Жер тұлданып тұрмасқа.....

Эсхатологиялық, ақыр заман туралы ілім маһшар (*есен*) күні құдай алдында қарабет болмай соған дайындық жасауды ұмытпау туралы ескертуі.

“Тоғызыншы тілек тілеңіз,

Төреңіз тақтан таймасқа.

Тоқсандағы қарт бабаң

Топқа жаяу бармасқа....., - ел басқарған басшының тақтан таймағаны керек екені айтылған, бұл толғау жолдарын Абайдың арқылы тарқатсақ: “Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл ? Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса жақсы сол,, деген жолдармен астасып жатыр.

“Оныншы тілек тілеңіз,

Он ай сені көтерген,

Омыртқасы үзілген,

Аязды күнді айналған,

Бұлтты күнде толғанған,

Тар құрсағын кеңіткен,

Тас емшегін жібіткен,

Анаң бір аңырап қалмасқа....., - дегені ананың ақысы, әкенің ақысынан үш есе жоғары және ананың көңілі балада яғни анаға баласының амандығы керектігі жазылған.

“Он бірінші тілек тілеңіз,

Омырауы жұпарлы,

Исі жұпар аңқыған,

Дауысы қудай саңқыған,

Назыменен күйдірген,

Қылығымен сүйдірген,

Ардақтап жүрген бикешің

Жылай да жесір қалмасқа....., - деп адам баласына жақсы отбасылық өмірді құрып, ардақтаған жарымен бақытты өмір сүруді құдайдан сұрауды айтады.

Бұқар жыраудың мұсылмандық туралы айтқан мына бір жыр шумағына тоқталсақ:

“Көкте бұлыт сөгілсе,

Көктеп болмас, не пайда;

Көкіректен жан шықса,

Қайтып келмес, не пайда;

Дін пұсырман болмаса,

Тіл пұсырман не пайда „[10].

Бұл шумақтар осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған теңеудің бірі. Мұсылмандық ол тілмен өлшенбейді, мұсылман болу дегеніміз ол – барлық болмысымен дінде болу дегенді білдіреді. Бұқар жыраудың замандасы Үмбетей жырау тіл мұсылманның қаншалықты өзіне және дінге зиян тигізетін тұстарын былайша суреттейді:



“Дін пұсырман баласы
Адамдықтан жерімес,
Тіл пұсырман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес,
Дәніккесін бұл шіркін
Адал бір дәм жегізбес! „[10].

Жыр жолдарында тіл жүзінде және іс жүзінде мұсылман болған адамдардың әрекеттері мен қаракеттері сипатталса, Бұқар жыраудың келесі жыр жолдарында адамның дүниеге көз тоймайтындығын былайша сипаттайды:

“Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат! „[10].

Мұхаммед пайғамбардың: «Адам баласының екі ойпат (толы) мал – дүниесі болса да, ол міндетті түрде үшіншісін қалайды, адам баласының іш қуысын топырақ қана толтыра алады. Ал Аллаһ тәубеге келгендердің қабыл етеді»[7] – деп, айтқан хадисіне мағынасы жақын келеді. Дүниенің адам баласы үшін опық жегізер тұстары туралы Шал ақынның ойландыратын мына бір гибратты өлең жолдарында:

“Дүния деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті,
Ақырет деген бір киім
Алып қайтар сол-ақ депті.

Дүние деген осы,
Ешкімнің емес досы,
Болар еді досы,
Аумаса егер қосы.

Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп”.

Шал ақын бұл өлеңінде адам баласына ақыретті ұмытпай, дос болып көрінетін бұл дүниеден, бақиға маталардың ішіндегі ең арзаны болған ақыретті алып қана кететінін айтып тұр. Дүние туралы, Мұхаммед пайғамбар (саллалаһу алейһи уа сәлләм): «Дүниеден абай болыңыз, себебі ол Харут пен Маруттан да үлкен сиқыршы», [12] деп ескерткен. Харут пен Марут адам баласына алғаш сиқырды үйреткен періштелер болатын. Ал дүние болса сол сиқырлардың ең үлкені екенін айтып ескертуде.

Шал ақын Мұхаммед пайғамбардың (саллалаһу алейһи уа сәлләм) Алла тағала жер бетіндегі он сегіз мың ғаламнан бұрын оның нұрын жаратқаны туралы келесі өлеңінде былайша жеткізеді:

Жаратқан Мұхамедтің нұрын құдай,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай.
Өз қандасын өзіне досты қылып,
Мұндай артық сүйер ме, құлын құдай?
Әуел құдай пайғамбар нұрын қылған,
Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылған” [10].

Шал ақынның осы және басқа да өлеңдері қазақ философиясындағы хандық дәуірге дейінгі кезеңнің өкілдері: А.Игүнекей, Ж.Баласағұн, А. Яссауи және тағы басқаларының шығармаларына ұқсас келеді. Сондай өлеңдерінің бірі:

“Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.
Жігіттер, ғибадат қыл, маған нансаң,
Намаз оқы, алланы ойыңа алсаң,
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқытта
Түбінде сөз сенікі, өлмей қалсаң” [10].

Жігіттерге және жалпы адам баласына өмір бар жерде өлім болатынын айтып, ал, өмірден өткен соң Жартушының алдында өкіндірмейтін бір ғана амалдың бар екенін айтып тұр. Ол амалды – намаз дейді. Тағы бір өлең шумағында:

“Жігіттер ораза ұста, намаз оқы,
Ғарасат майданы бар тергеледі” [10].

Осы екі өлең шумақтарында намаз бен ораза туралы айтылса, келесі өлең шумағында осы намаз бен оразыны дұрыс жүзеге асуына себеп болатын, бес парыздың алғашқысы «иман» мәселесін былайша талдайды:

“Иман - қой, ақыл – қойшы, нәпсі - бөрі
Бөріге қой алдырмас ердің ері,
Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле шайтан-пері.
Арам болса қашады су кісіден,
Естімеген сөз шығар сұм кісіден,
Кітап – құран айтқаны рас болса,
Ұжмақ көрер бір жан жоқ бұл кісіден.
Жарлығы екі болмас хақ құдайым,
Жанында серігі жоқ дақ құдайым,

Жанымды алсаң, құдая, иманмен ал,

Шайтанның қазасынан қақ, құдайым”

Ақынның бұл өлеңдері бүгінгі таңда ислам дінінің бес парызын дұрыс түсінбейтін азаматтарымызға құнды мағұлматтар болмақ. Иман яғни, құдайға сену жүректе дұрыс орнықпаса ол адам Бұқар жырау мен Үмбетей жыраулар айтқандай мұсылмандықтарының өлшемі тілдерінде қалмақ. Шал ақын ислам дініндегі иманды – қойға теңеуі, ақылды – қойшыға, ал, нәпсіні – бөріге тенеген теңеулерінен адам баласына өзінің иманына бір сәтке болсын немқұрайлы қараса, қойға шапқан бөрінің жағдайы орын алатынын жазған. Ал, иманына дұрыс қарамаған немесе танымаған адамның ислам дініндегі парыз, уәжіп, сүннет амалдарыда бұрыс болатыны айтылған. Жыраулардың жыр – толғауларындағы көтерілген діни – этикалық мәселелері қазақ халқының ислам дінінен алыс емес, тереңнен таныс болған халық екенін білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жыраулар өз заманы бойынша исламдық білім алып, барлық жырау өз жыр – толғауларында ислам дінінің негізінде жырларды жазып қоғамдық сұранысты толық қамтамасыз етті. Қазақ жыраулары ең алдымен ел басқару бағытындағы саясат адамдары болғандықтан, көпшілікке айтқан сөздерінің барлығы халықтың мұң мұқтажына арналды, әлеуметшілдік сарынымен айтылды.

Қазақ халқының тамыры терең тарихы мен мазмұнды дүниетанымдары жеткілікті, осы бай мұралардың ішінде ұлттық бірегейлікті сақтау барысында қазақ жыраулардың діни білімі негізінде діни - этикалық дүниетанымдарының маңыздылығы өте зор деп тұжырымдаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Necmettin Tozlu, Batı'da ve Doğu'da insan Anlayışı, Felsefe Dünyası, sayı 27. s.8-37. Ankara, 1998.
2. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды) 2-томдық. Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. –Алматы: Жазушы, 1989.
3. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991.-240 б.
4. Сыдықов Ұ., Кішібеков Д. “Философия”. Оқулық.. Алматы “Ғылым”, 2007.
5. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002.
6. Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988. – 339 б.
7. Алдаспан. ХҮ-ХҮІІІ ғасыр қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы. Құрастырған М. Мағауин. –Алматы: Жазушы, 1971.
8. Бес ғасыр жырлайды: ХV ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. —Үш томдық. I-т. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1984. — 256 б.
9. Сахиқ әл – Бұхари Құрастырған: имам Әбул – Аббас Ахмад ибн Абдул-Латиф әз Зубәйди. Алматы: ЖК «Кәусар», 2018. – 752б.
10. Мағауин М. Алдаспан. - Алматы: Атамұра, 2006.
11. Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз - Алматы; «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 280 бет.
12. Арат Решит Рахмети, Атабетул-Хақайық, Станбул, 1951.
13. Бұқар жырау. Шығармалары. -Алматы: Полиграфия, 1992.
14. Жұмабаев С. Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің. - Алматы: 2003.

